

"Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 165 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов
Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының құқықтық жағдайын (мәртебесін), материалдық қамтамасыз етілуін және әлеуметтік қорғалуын айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сот-сараптама қызметі – сот сараптамасы органдары мен сот сарапшыларының сот сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізу және оларды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметі;

2) сот сараптамасы органы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік заңды т ұ л ғ а ;

3) сот сараптамасы органын аккредиттеу – сот сараптамасы органының (немесе оның жекелеген құрылымдық бөлімшелерінің) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын сот-сараптама қызметі саласындағы құзыреттілігін аккредиттеу жөніндегі органның ресми тануы;

4) сот сараптамасы – шешілуі үшін маңызы бар нақты деректерді анықтау мақсатында арнаулы ғылыми білімдер негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық істердің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдарын зерттеу;

5) сот сараптамасының нысанасы – сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталатын қылмыстық, азаматтық істерді немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді шешу үшін маңызы бар нақты деректер;

6) сарапшының қорытындысы – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін жазбаша құжат;

7) сот сарапшысы – істің қорытындысына мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімдері бар, осы Заңның талаптарына сай келетін адам;

8) арнаулы ғылыми білімдер – арнайы даярлық және (немесе) кәсіби тәжірибе арқылы алынған және сот-сараптамалық зерттеулерінің әдістемелерінде не танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістерінде іске асырылған нақты ғылым, техника, өнер немесе қолөнер саласындағы білімдер мен практикалық машықтар жүйесі;

9) сот сарапшысының біліктілігі – сараптаманың белгілі бір түрінің объектілерін зерттеу мақсатында кәсіби білімі бар адамның мақсатты даярлықтан өтуі арқылы алған білімдерінің, іскерлігі мен машықтарының кешені;

10) сот сарапшыларын аттестаттау – сот сарапшыларының кәсіби және біліктілік даярлығының деңгейін, іскерлік қасиеттерін айқындау, біліктілік санаттарын (разрядтарын) белгілеу бойынша мерзімді жүзеге асырылатын рәсім;

11) сот-сараптамалық зерттеу әдісі – сот сараптамасының нысанасына жататын нақты деректерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын қисындық және (немесе) құрал-саймандық операциялар (тәсілдер, әдістер) жүйесі;

12) сот-сараптамалық зерттеу әдістемесі – сот сараптамасының нысанасына жататын нақты деректерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын әдістер жүйесі;

13) әдістер мен әдістемелердің валидациясы (жарамдылығын бағалау) – нақты пайдалануға немесе қолдануға арналған талаптардың орындалуын зерттеу және объективті дәлелдемелерін ұсыну арқылы жүргізілетін құжаттамалық растау;

14) сот сараптамасының объектілері – заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі, адамның психикалық жай-күйі, мәйіттер, жануарлар, үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарында қамтылған, сот сараптамасының нысанасына қатысты мәліметтер;

15) салыстырмалы зерттеуге арналған үлгілер – сот-сараптамалық зерттеу жүргізу және сарапшы қорытындысын беру үшін қажетті тірі адамның, мәйіттің, жануардың, нәрсенің, құжаттың, заттың, материалдың қасиеттері мен ерекшеліктерін көрсететін материалдық дүние объектілері, сондай-ақ технологиялар, ақпараттық массивтер, жүйелер, сынамалар;

16) зерттеу объектісінің (оның бір бөлігінің) зақымдалуы (жойылуы) – зерттеу жүргізу кезінде физикалық, химиялық және биологиялық әдістерді қолдану

нәтижесінде зерттеу объектісінің қасиеттері мен жай-күйінің өзгеруі;

17) медициналық стационар – медициналық ұйым, сол сияқты медициналық ұйымның стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін бөлімшесі;

18) психиатриялық стационар – психиатриялық медициналық ұйым, сол сияқты медициналық ұйымның стационарлық жағдайда психиатриялық көмек көрсететін психиатриялық бөлімшесі;

19) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жеке тұлғаға сот-сараптама қызметімен айналысу үшін беретін рұқсат.

2-бап. Сот-сараптама қызметінің құқықтық негізі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік және Азаматтық процестік кодекстері, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері сот-сараптама қызметінің құқықтық негізін құрайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Сот сараптамасы органдарының міндеті

Сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық процесті жүргізуші органға (адамға), тергеу судьясына, сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органға (лауазымды адамға), прокурорға, нотариусқа нақты іс бойынша дәлелдеуге жататын нақты деректерді арнаулы ғылыми білімдерді талап ететін мәселелерді шешу арқылы анықтауға жәрдем көрсету болып табылады.

4-бап. Сот-сараптама қызметінің мазмұны

Сот-сараптама қызметінің мазмұны:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен сот-сараптамалық зерттеулердің түрлері мен мамандықтарының тізбесіне сәйкес қылмыстық, азаматтық істер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізуді;

2) сот сараптамасы саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды, сот сараптамасын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді;

3) сот сарапшыларын іріктеуді, арнайы кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды;

4) сот сараптамасы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қамтиды.

5-бап. Сот-сараптама қызметінің қағидаттары

Сот-сараптама қызметі:

1) заңдылық;

2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтарын мен заңды мүдделерін сақтау;

- 3) сот сарапшысының тәуелсіздігі;
4) сот-сараптамалық зерттеулердің объективтілігі, ғылыми негізделуі,
жан-жақтылығы және толықтығы;
5) сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде қажетті ғылыми-техникалық
құралдар мен әдістерді пайдалануға жол беру;
6) сот сарапшысының кәсіби әдебін сақтау қағидаттарына негізделеді.

**6-бап. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде
заңдылықты сақтау**

Сот-сараптама қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясының және осы қызметтің құқықтық негізін құрайтын өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары дәл орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

**7-бап. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде
адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын
мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтарын
мен заңды мүдделерін сақтау**

1. Сот-сараптама қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтарын мен заңды мүдделерін сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Адамның құқықтарын мен бостандықтарын уақытша шектеуді талап ететін сот-сараптамалық зерттеулер тек қана заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен жүргізіледі.

3. Сот сараптамасы органының немесе сот сарапшысының әрекеттері (әрекетсіздігі) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін не заңды тұлғаның құқықтарын мен заңды мүдделерін шектеуге әкеп соқты деп пайымдайтын адам көрсетілген әрекеттерге (әрекетсіздікке) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

8-бап. Сот сарапшысының тәуелсіздігі

1. Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сараптамасын тағайындаған органнан (адамнан), сот сараптамасы органының басшысынан және істің нәтижесіне мүдделі басқа да адамдардан тәуелсіз болады.

2. Сот сарапшысы өзінің арнаулы білімдеріне сәйкес жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін негізге ала отырып, қорытынды шығарады.

3. Сот сарапшысы зерттеу құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады, бұл ретте оның таңдаған құралдары мен әдістері Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмеуге тиіс.

4. Сот сарапшысына құқыққа сыйымсыз ықпал етуге және оның заңды қызметіне кедергі келтіруге жол берілмейді және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

9-бап. Сот-сараптамалық зерттеулердің объективтілігі, ғылыми негізділігі, жан-жақтылығы және толықтығы

1. Сот сарапшысы зерттеуді тиісті сарапшылық мамандығының шегінде қатаң ғылыми және (немесе) практикалық негізде объективті, жан-жақты және толық көлемде жүргізеді.

2. Сарапшының қорытындысы жалпыға бірдей қабылданған ғылыми және практикалық деректер негізінде жасалған тұжырымдардың негізділігі мен дәйектілігін тексеруге мүмкіндік беретін ережелерге негізделуге тиіс.

10-бап. Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде қажетті ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалануға жол берушілік

1. Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар мен әдістемелерді қолдануға, егер олар заңдылық, ғылыми әлеуеттілік қағидаттарына сай келсе, тиімді, қауіпсіз болса және Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілсе, жол беріледі.

2. Сот сараптамасының жалпыға белгілі, практикада кеңінен пайдаланылатын, валидацияны талап етпейтін және Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілмеген әдістерін, әдістемелік материалдарын қолдануға жол беріледі, оның ғылыми негіздемесі сарапшы қорытындысының мәтінінде келтіріледі.

2-тарау. Сот-сараптамасы қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу

11-бап. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыретіне:

- 1) сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 3) сот сараптамалары түрлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 4) сот сараптамасы объектілерін пайдалану ережесін әзірлеу және бекіту;
- 5) сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, байқаудан өткізу және енгізу ережесін әзірлеу және бекіту;
- 6) сот-сараптама қызметіндегі әдістер мен әдістемелердің жарамдылығына (валидациясына) бағалау жүргізу жөніндегі регламентті әзірлеу және бекіту;
- 7) Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 8) Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің

мемлекеттік тізілімін жүргізу;

9) сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарды әзірлеу және бекіту;

10) сот сараптамаларын және зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу, сот сараптамасының, зерттеулердің нәтижелері мен қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаны ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11) сот сараптамаларының күрделілік санаттарын анықтаудың жалпы критерийлерін, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

12) түрлі мемлекеттік органдарға тапсырылған кешенді сараптамалар жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтерін әзірлеу және бекіту;

14) сот сарапшыларын алғашқы кәсіби даярлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

15) сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

16) сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік емтихандарын қабылдауды жүзеге асыру;

17) сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

18) Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19) Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

20) аттестаттау туралы ережені және сот сарапшыларын аттестаттаудан өткізу жөніндегі комиссияның құрамын әзірлеу және бекіту;

21) сот сарапшыларын аттестаттаудан өткізу;

22) сот-сараптама қызметін лицензиялау тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

23) лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;

24) сот-сараптама қызметін лицензиялауды және рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

25) сот-медициналық және сот-наркологиялық сарапшыларының біліктілік санаттарын беру қағидалары мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

26) сот сараптамасын жүргізуге байланысты шығындарды өтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

27) Сот сарапшысының кәсіби этикасының кодексін әзірлеу және бекіту жатады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында,

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

12-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

- 1) сот-психиатриялық сараптама қызметін лицензиялау тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;
- 2) сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін арнайы жарақтандырылған ұй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 3) сот-психиатриялық сарапшыларына біліктілік санаттарын беру қағидаларын және тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 4) денсаулық сақтау саласындағы сот сараптамалары түрлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 5) сот-психиатриялық сарапшыларының жүктемесі нормативтерін әзірлеу және бекіту;
- 6) сот-психиатриялық сарапшыларын арнайы кәсіби даярлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 7) сот-психиатриялық сарапшылары біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 8) сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу құқығына біліктілік емтихандарын қабылдауды жүзеге асыру;
- 9) аттестаттау және сот сарапшыларын аттестаттаудан өткізу жөніндегі комиссияның құрамы туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- 10) сот-психиатриялық сарапшыларын аттестаттаудан өткізу;
- 11) сот-психиатриялық сарапшылары қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия қызметінің қағидаларын және оның құрамын әзірлеу және бекіту;
- 12) сот-психиатриялық сараптама қызметін лицензиялауды және рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;
- 13) сот-психиатриялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, сот сараптамасының, оның ішінде комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама сараптама нәтижелерін рәсімдеу, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаның құрылымы мен мазмұны қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 14) сот-психиатриялық сараптаманың күрделілік санаттарына қарай оны жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін анықтаудың жалпы критерийлерін, сондай-ақ сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 15) сот-психиатриялық сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, байқаудан өткізу және енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту жатады.

13-бап. Сот сараптамасы органдары

1. Сот сараптамасы органдарына:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары, оның ішінде құзыретіне сот-медициналық және сот-наркологиялық сараптамалар жүргізу кіретін органдар;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның және денсаулық сақтаудың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының мамандандырылған психиатриялық ұйымдары жатады.

2. Сот сараптамасы ұйымдарының (бөлімшелердің) құзыреттілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын сот-сараптама қызметі саласындағы аккредиттеумен расталады.

3-тарау. Сот сарапшысы. Сот-сараптама қызметін лицензиялау

14-бап. Сот сарапшысы

1. Сот сарапшысының арнаулы ғылыми білімдері болуға тиіс.

2. Сот сараптамасын жүргізу:

1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
2) сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын жеке тұлғаларға;
3) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда біржолғы тәртіппен өзге адамдарға тапсырылуы мүмкін.

3. Біржолғы тәртіппен сараптама жүргізу:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген сот сараптамалары түрлерінің тізбесінде көзделмеген сот сараптамасы тағайындалған;

2) сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын, сондай-ақ сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын тиісті мамандықтағы барлық сот сарапшыларының бас тартуы қанағаттандырылған не сот сараптамасы органы тұтастай сот сараптамасын жүргізуден дәлелді түрде шеттетілген;

3) осы Заңның 58-бабына сәйкес шет мемлекеттің сот сарапшысы тартылған жағдайларда тапсырылуы мүмкін.

4. Сот сарапшысынан тек өзі берген қорытындысы және оның жеке жүргізген зерттеулері бойынша, сондай-ақ процестік заңнамасында көзделген жағдайларда жауап алынуы мүмкін.

5. Сот тәртібімен әрекетке қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған не өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болған адам сот сарапшысы бола алмайды.

Тиісті заңды факті күнінен бастап үш жыл ішінде:

1) заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген немесе алынған;

2) ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының 3, 4, 9 және 12-бөліктерінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

3) мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан, сот сараптамасы органдарынан теріс себептермен жұмыстан босатылған;

4) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айрылған адам сот сарапшысы бола алмайды.

15-бап. Сот сарапшысына қойылатын талаптар

1. 14-баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдар мынадай талаптарға сай болуға:

1) Қазақстан Республикасының азаматы болуға;

2) жоғары білімі болуға, кәсіби даярлықтың қажетті деңгейіне ие болуға және сот сараптамасының нақты бір түрі үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес болуға;

3) сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізуге құқық беретін біліктілік куәлігімен расталған сот сарапшысы біліктілігі болуға;

4) аттестатталған және Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген болуға тиіс.

2. Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін біліктілік куәлігін алуға үміткер адамдар алғашқы кәсіби даярлықтан өтуге тиіс.

16-бап. Сот сарапшысы біліктілігін беру

1. Сот сарапшысы біліктілігін беру, оның біліктілік емтиханын тапсырып, оған сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін сот сарапшысының біліктілік куәлігін беру арқылы жүзеге асырылады.

2. Біліктілік емтихандарын қабылдауды және сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін беруді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның біліктілік комиссиялары жүзеге асырады.

3. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтиханын қабылдау тәртібі мен біліктілік комиссиясы қызметінің құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

17-бап. Сот сарапшысын аттестаттау

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларының, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардың, кәсіби деңгейін растау мақсатында, олар бес жылда бір рет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аттестаттау комиссиялары немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүргізетін аттестаттаудан өтеді. Алғашқы аттестаттау сот сарапшысы біліктілігі берілгеннен кейін бес жыл өткен соң жүргізіледі, кейінгі аттестаттаулар көрсетілген мерзім басталатын күнге дейінгі үш айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

Қайталама сараптамалар жүргізуге әкеп соғатын процестік, әдістемелік және ұйымдық бұзушылықтар кезінде қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясы, сот, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс болатын органның, прокурордың жеке қаулылар (ұйғарымдар) шығаруы кезінде, сондай-ақ сарапшының қорытындысына теріс рецензия болған кезде ол кезектен тыс аттестациядан өткізіледі.

2. Аттестаттау комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын, сондай-ақ сот сарапшысын аттестаттаудан, оның ішінде кезектен тыс аттестаттаудан өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

18-бап. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары

1. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия жеке тұлғаларға беріледі.

2. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасында белгіленеді.

3. Сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдардың қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бақылау тексеру нысанында және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген бақылаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

19-бап. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, қайта жалғастыру, тоқтату және одан айыру

1. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, қайта жалғастыру, тоқтату және одан айыру тәртібі, негіздері мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке тұлғаның сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясының қолданысы:

1) ол мемлекеттік қызметте болған;

2) ол Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарған;

3) сот сараптамасы органдарында сот сарапшысы лауазымында жұмыс істеген;

4) мерзімді әскери қызметті өткерген;

5) қылмыстық іс бойынша сот сарапшысына қатысты прокурордың айыптау актісін

б е к і т к е н к е з і н е н б а с т а п ;

б) адамның өз тегін, атын, әкесінің атын өзгертуі туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне бір ай ішінде хабарламаған;

7) адамның заңда белгіленген мерзімдерде кезекті аттестаттаудан өтпеген кезеңде т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы .

Лицензияны тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған кезде лицензияның қолданысы қ а й т а ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке тұлғаның сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясының қолданысын тоқтатуды:

1) адам Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

2) а д а м қ а й т ы с б о л ғ а н ;

3) адам соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі, қайтыс болған не хабарсыз кеткен деп танылған;

4) адам ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3, 4, 9 және 12-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

5) адамға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайларда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті о р г а н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

4. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы, рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке тұлғаны сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясынан айыру:

1) адам сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының з а ң н а м а с ы н б і р н е ш е р е т б ұ з ғ а н ;

2) адамды аттестаттау нәтижелерімен расталған кәсіптік даярлығының жеткіліксіз деңгейі салдарынан оның сот сарапшысы міндеттерін атқаруы мүмкін болмаған;

3) адам аттестаттаудан өтуден жалтарған жағдайларда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның талап арызы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру оның қолданысын т о қ т а т у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, лицензияның қолданысын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссиясы немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ұсынған материалдар негізінде лицензиар тоқтата тұрады, қайта жалғастырады ж ә н е т о қ т а т а д ы .

Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған, қайта жалғастырылған немесе тоқтатылған адам қабылданған шешім туралы үш жұмыс күні ішінде хабардар етіледі

және тиісті мәліметтер бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

20-бап. Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімі

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары туралы, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясы бар жеке тұлғалар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, оны қалыптастыру және пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

2. Осы Заңның 14-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізуші орган, тергеу судьясы, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізуші орган (лауазымды адам), прокурор, нотариус оны жүргізуді Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізілген сот сарапшысына тапсырады.

4-тарау. Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы

21-бап. Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының палатасы

1. Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының палатасы палата мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіру үшін құрылатын коммерциялық емес кәсіби өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып т а б ы л а д ы .

2. Сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын жеке тұлғалар Сот сарапшылары палатасының мүшелері бола алады.

3. Сот сарапшыларының палатасына мүшелік міндетті болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының сот сарапшылары палатасы заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.

22-бап. Қазақстан Республикасы Сот сарапшылары палатасының жарғысы

1. Қазақстан Республикасы Сот сарапшылары палатасының жарғысында:
- 1) қызметінің атауы, мақсаттары және негізгі түрлері;
 - 2) оның құқықтары мен міндеттері;
 - 3) мүшелікті алу, тоқтата тұру және оны жою шарттары мен тәртібі;
 - 4) мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;
 - 5) басшы органдарды қалыптастыру тәртібі, функциялары мен өкілеттіктерінің м е р з і м д е р і ;
 - 6) мүліктің пайда болу көздері және мүлік пен табысты пайдалану тәртібі;
 - 7) оның мүшелерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асыру тәртібі;

- 8) жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
9) палатаны қайта құру және тарату тәртібі, тарату кезіндегі мүліктің тағдыры
к ө з д е л у г е т и і с .

2. Қазақстан Республикасы Сот сарапшылары палатасының жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

23-бап. Қазақстан Республикасы Сот сарапшылары палатасының өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасы Сот сарапшылары палатасының қызметі осы Заңмен, оның жарғысымен айқындалады.

2. Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының палатасы:

1) палата мүшелеріне сот-сараптама қызметін дамыту мен жетілдіруге бағытталған сот сараптамасы саласындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес сот сараптамасын қалыптастыруға және дамытуға көмек көрсетеді;

2) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған мемлекеттік лицензиясы бар адамдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) палата мүшелерінің өз кәсіби қызметтерін жүзеге асыруы кезінде мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жасауда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды;

4) палата мүшелерін оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді;

5) сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияны алуға үміткер адамдардың арнайы кәсіби даярлығына, олардың біліктілігін арттыруға, сондай-ақ аттестаттаудан өтуіне әдістемелік көмек көрсетеді;

6) сот сараптамасы мәселелері бойынша әдістемелік материалдарды әзірлейді;

7) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, тоқтату және одан айыру туралы ұсыныс енгізеді;

8) палата мүшелерінің кәсіби міндеттерін және этиканы бұзуына қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарайды;

9) сот сараптамасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң жобалау қызметіне қатысады;

10) сот сараптамасы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, осы саладағы отандық және шетелдік кәсіптік бірлестіктермен іскерлік байланыстар орнатуға жәрдем көрсетеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаның жасаған әрекетінің (

әрекетсіздігінің) заңдылығы туралы мәселені қарау кезінде одан жүргізілген сот-сараптамалық зерттеулер туралы мәліметтерді, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктеме берудің, оның ішінде кәсіби этиканы сақтамау мәселелері бойынша жеке түсініктеме беруді талап етуге құқылы.

5-тарау. Сот сараптамасы органы басшысының және сот сарапшысының құқықтары мен міндеттері

24-бап. Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары

1. Сот сараптамасы органының басшысы: 1) е г е р :

сот сараптамасын жүргізу үшін табыс етілген материалдар заң талаптарына сәйкес к е л м е с е ;

осы сот сараптамасы органында қажетті арнайы ғылыми білімі бар сот сарапшысы б о л м а с а ;

осы сот сараптамасы органының материалдық-техникалық базасы қажетті сот-сараптамалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бермесе;

сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар осы заңда белгіленген мерзім ішінде жойылмаған жағдайларда тиісті дәлелдерді көрсете отырып, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және зерттеуге ұсынылған объектілерді сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) орындамай қайтаруға;

2) зерттеу толықтығын қамтамасыз ету үшін сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыға, ұйғарымға сәйкес табыс етілген материалдар бойынша комиссиялық, кешенді сараптаманы жүргізу туралы шешімді өз бетінше қабылдауға, оны жүргізуді ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

3) сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) шет мемлекеттің сот сарапшысын тарту туралы өтініш жасауға;

4) сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзарту туралы дәлелді өтінішхат жасауға құқылы.

Сот сараптамасы органы басшысының заңнамада көзделген өзге де құқықтары б о л а д ы .

2. Сот сараптамасы органы басшысының:

1) сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті объектілерді дербес талап етуге;

2) осы сот сараптамасы органының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарды сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) келісімінсіз оны жүргізуге тартуға ;

3) сот сарапшысына нақты сот сараптамасы бойынша тұжырымдардың мазмұнын алдын ала шешетін нұсқаулар беруге құқылы емес.

25-бап. Сот сараптамасы органы басшысының міндеттері

Сот сараптамасы органының басшысы:

1) сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және зерттеу объектілерін алған кезде заң талаптарын ескере отырып, осы сот сараптамасы органының нақты сот сарапшысына немесе сот сарапшылары комиссиясына жүргізуді
т а п с ы р у ғ а ;

2) сот сарапшысының тәуелсіздігі қағидатын бұзбай, сот сараптамасын жүргізу мерзімінің сақталуын, жүргізілетін зерттеулердің жан-жақтылығын, толықтығы мен ғылыми негізділігін, сот сараптамасы объектілерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз
е т у г е ;

3) зерттеулер аяқталғаннан кейін сот сарапшысының қорытындысын, зерттеу объектілерін және зерттеуге табыс етілген басқа да материалдарды сот сараптамасын тағайындаған
органға (адамға) беруге (жолдауға);

4) сот сараптамасын жүргізуді ұйымдастыруға байланысты өзіне белгілі болған
мәліметтерді жария етпеуге;

5) зерттеулер жүргізу және табыс етілген объектілер мен басқа да материалдардың сақталуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

26-бап. Сот сарапшысының құқықтары

1. Сот сарапшысы:

1) сот сараптамасының нысанасына жататын іс материалдарымен танысуға;

2) м ы н а д а й :

оған қорытынды беру үшін қажетті зерттеу объектілерін табыс ету қажет болған; зерттеу жүргізу және қорытынды беру кезінде зерттеу объектісін бүлдіруге рұқсат алу қажет болғанда, егер аталған рұқсат сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда,
ұ й ғ а р ы м д а к ө р с е т і л м е г е н ;

егер сот сараптамасы органы қызметкерлері болып табылмайтын адамдардың арнайы білімдері қорытынды беру үшін қажет болса, оларды сот сарапшыларының комиссиясы құрамына енгізу қажет болған жағдайларда өтінішхат мәлімдеуге;

3) қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының, соттың жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) рұқсатымен процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырыстарына қатысуға және оларға қатысатын адамдарға сот сараптамасының нысанасына жататын
с ұ р а қ т а р қ о ю ғ а ;

4) өзі қатысқан процестік әрекеттің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты оларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға;

5) сараптама тағайындаған органның келісуі бойынша сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда қамтылған мәселелердің шегінен тыс мән-жайлар бойынша өз

құзыреті шегінде қорытынды беруге;

6) ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды беруге және айғақтар беруге, аудармашының көмегін тегін пайдалануға, одан бас тартуды мәлімдеуге;

7) сот сараптамасын жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізетін органның, соттың, жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның), прокурордың, нотариустың және іс бойынша іс жүргізуге қатысатын өзге де адамдардың оның құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттеріне шағым жасауға;

8) сот сараптамасын жүргізу кезінде шеккен шығыстардың өтемін және егер сот сараптамасын жүргізу оның лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмыс үшін сыйақы алуға құқылы.

Сот сарапшысының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары болады.

2. Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органды, сотты, жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органды (лауазымды адамды) хабардар етпей процеске қатысушылармен сот сараптамасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге;

2) зерттеу үшін материалдарды өз бетінше жинауға;

3) егер сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) оған арнайы рұқсаты болмаса, объектілердің зақымдануына немесе жойылуына, олардың сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге;

4) сот сараптамасын тағайындаған органды (адамды) қоспағанда, сот сараптамасының нәтижелері туралы біреуге хабарлауға құқылы емес.

27-бап. Сот сарапшысының міндеттері

Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органның, соттың, жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге;

2) өзіне табыс етілген объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген жазбаша қорытынды беруге;

3) заңда көзделген жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді жазбаша хабарлама жасауға және оны сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) беруге (жолдауға);

4) жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге;

5) сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу уақытында зерттеуге табыс етілген объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және сот сараптамасын жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді, оның ішінде мемлекеттік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді
ж а р и я е т п е у г е ;

7) сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) сот сараптамасын жүргізу кезінде шығыстар сметасын және шеккен шығыстар туралы есепті табыс етуге міндетті .

6-тарау. Сот сараптамасын жүргізу

28-бап. Сот сараптамасын жүргізу негіздері

1. Қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының, соттың, жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның), прокурордың, нотариустың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шығарған сот сараптамасын тағайындау туралы қаулысы, ұйғарымы сот сараптамасын жүргізуге негіз болып табылады.

2. Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу және сот сарапшысының қорытынды беруі үшін қажетті зерттеу объектілерін және іс материалдарын табыс етеді.

3. Тірі адамдарға сот сараптамасын тағайындау ерекшеліктері осы Заңның 7-т а р а у ы н д а а й қ ы н д а л а д ы .

4. Қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы негізінде зорлықпен өлтірілгенін растау немесе жоққа шығару үшін мәйітті сот-медициналық зерттеу тағайындалады.

29-бап. Сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі шектеулер

1. Заңда көзделген негіздер болған кезде сот сараптамасын жүргізуді сот сараптамасы органына тапсыруға болмайды, ал басталған сот сараптамасын жүргізу д е р е у т о қ т а т ы л а д ы .

2. Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізуге қатысудан шеттетілуге жатады, ал егер оған сот сараптамасын жүргізу тапсырылған болса, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер болған кезде оны жүргізуді дереу тоқтатуға міндетті.

3. Тірі адамға және мәйітке қатысты сот сараптамасын жүргізуге, оны тағайындағанға дейін аталған адамға медициналық көмек көрсеткен немесе көрсетілген медициналық қызметтің сапасын тексеру кезінде қатысқан дәрігер қатыса алмайды.

Аталған шектеу адамды тікелей тексерусіз жүзеге асырылатын сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу кезінде де қолданылады.

30-бап. Сот сараптамасын жүргізу мерзімдері

1. Сот сараптамасын жүргізу мерзімі сот сараптамасы органы, сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын не сот сарапшысы ретінде тартылған, сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын жеке тұлға сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және оның объектілерін іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап есептеледі.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган көздеген айрықша жағдайлардан басқа кезде сот сараптамасын жүргізу мерзімі отыз тәуліктен аспауға тиіс.

Сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзарту сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы органы басшысының не сот сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) дәлелді өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады.

Ерікті түрде сот сараптамасына тартылатын және медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамдардың сот сараптамасын жүргізу үшін онда болу мерзімін ұзарту тәртібі осы Заңның 43-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес белгіленеді.

3. Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындаудың жалпы критерийлерін, олардың күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Осы Заңның 26-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, сот сараптамасы органының басшысы не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысы сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) атына дәлелді өтінішхат жолдайды.

Көрсетілген жағдайда сот сараптамасын жүргізуді сот сараптамасы органының басшысы не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысы тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін, бірақ он тәуліктен асырмай, тоқтата тұрады.

Егер сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар жойылмаса, оны жүргізу үшін табыс етілген материалдар орындалмай сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) атына жіберіледі не сот сараптамасы табыс етілген материалдар көлемінде жүргізіледі.

5. Зерттеу жүргізілгеннен және сарапшы қорытындысы жасалғаннан не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлағаннан кейін үш тәулік ішінде сот сараптамасының аяқталғаны туралы хабарланады не сарапшының қорытындысы (қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарлама), зерттеу объектілері және басқа да материалдар сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) беріледі (жолданады).

31-бап. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың сол жерде болуы

1. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, тергеу судьясы, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан орган (лауазымды адам), прокурор, нотариус, қорғаушы, жәбірленушінің өкілі, адвокат сот сараптамасын жүргізу кезінде сол жерде болуға, жүргізіп жатқан іс-әрекеттеріне қатысты сот сарапшысының түсініктемелерін алуға құқылы. Сот сараптамасын жүргізу кезінде көрсетілген адамдардың қатысу фактісі сарапшының қорытындысында көрсетіледі.

2. Сот сараптамасын жүргізу кезінде өзінің немесе өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылар қылмыстық процесті жүргізуші органның, тергеу судьясының, соттың, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) рұқсатымен сол жерде бола алады. Бұл жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші органның, тергеу судьясының, соттың, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) қ а т ы с у ы м і н д е т т і .

3. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, тергеу судьясы, сот, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан орган (лауазымды адам) тиісті өтінішхатты қанағаттандырған кезде, оны мәлімдеген адам сот сараптамасының жүргізілетін орны мен уақыты туралы хабардар етіледі. Хабардар етілген адамның келмей қалуы сот сараптамасын жүргізуге кедергі келтірмейді.

4. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылар зерттеулердің барысына араласуға құқылы емес, бірақ сот сараптамасының мәніне қатысты түсініктемелер б е р е а л а д ы .

5. Егер сот сараптамасын жүргізу кезінде сол жерде болған, процеске қатысушы сот сарапшысының қызметіне кедергі келтірсе, сот сарапшысы зерттеуді тоқтата тұруға және қылмыстық процесті жүргізуші органның, тергеу судьясының, соттың іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) алдында аталған процеске қатысушыға сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуға берілген рұқсаттың күшін жою туралы өтінішхат беруге құқылы.

6. Сот сарапшысы қорытынды жасаған кезде, сондай-ақ сот сарапшыларының кеңесу және қорытындыларды тұжырымдау сатысында, егер сот сараптамасын сот сарапшыларының комиссиясы жүргізсе, процеске қатысушылардың сол жерде болуына ж о л б е р і л м е й д і .

7. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысу ерекшеліктері осы Заңның 47-бабында айқындалады.

32-бап. Сот сараптамасының объектілері

1. Сараптамалық зерттеу объектілерінің анықтығы мен жол берілетіндігіне сараптаманы тағайындаған орган (адам) кепілдік береді.

2. Сот сараптамасы объектілері, егер олардың көлемдері мен қасиеттері мүмкіндік

сараптамасы органының басшысы үйлестіруші сарапшыны тағайындайды.

Үйлестіруші сарапшы сот-сараптамалық зерттеулердің жалпы жоспарын әзірлеуді жүзеге асырады, сот сараптамасын жүргізудің жалпы мерзімі шегінде жекелеген зерттеулер жүргізу мерзімдерін айқындайды және олардың сақталуын бақылайды, сот сараптамасын тағайындаған органмен (адаммен) байланысты жүзеге асырады, сот сарапшыларының кеңесіне басшылық жасайды.

5. Комиссиялық сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы толық көлемде тәуелсіз және дербес зерттеу жүргізеді.

6. Сараптама комиссиясының мүшелері алынған нәтижелерді бірлесіп талдайды және ортақ пікірге келе отырып, сарапшы қорытындысына не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаға қол қояды. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда пікірі комиссияның қалған мүшелерінің қорытындыларымен сәйкес келмеген сот сарапшысы оны қорытындыда жеке тұжырымдайды.

35-бап. Кешенді сараптама

1. Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар нақты деректерді анықтау үшін әртүрлі білім салалары негізінде зерттеулер қажет болған жағдайда тағайындалады және оны әртүрлі мамандықтағы сот сарапшылары өз құзыреті шегінде жүргізеді.

Егер сарапшының кешенді зерттеу жүргізу үшін қажетті жеткілікті білімі болса, ол сараптаманы жеке дара жүргізуге құқылы.

2. Сот сараптамасы органына тапсырылған кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру оның басшысына жүктеледі.

3. Кешенді сот сараптамасын жүргізу осы Заңның 35-бабының 4-тармағының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Кешенді сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы өздерінің арнайы білімі шегінде зерттеу жүргізеді.

Кешенді сот сараптамасының қорытындысында әрбір сот сарапшысының қандай зерттеулерді, қандай көлемде жүргізгені және оның қандай қорытындыға келгені көрсетілуге тиіс. Әрбір сот сарапшысы қорытындының өзі жүргізген зерттеуі көрсетілген бөлігіне қол қояды.

4. Әрбір сот сарапшысы жүргізген зерттеулер нәтижелерінің негізінде олар анықталуы үшін сот сараптамасы тағайындалған мән-жайлар туралы жалпы қорытындыны (қорытындыларды) тұжырымдайды. Жалпы қорытындыны (қорытындыларды) алынған нәтижелерді бағалауға құзыретті сарапшылар ғана тұжырымдайды және қол қояды. Егер сот сарапшыларының бірі (жекелеген сот сарапшылары) белгілеген фактілер комиссияның немесе оның бір бөлігінің түпкілікті қорытындысына негіз болса, онда бұл туралы қорытындыда көрсетілуге тиіс.

5. Сот сарапшыларының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда зерттеулердің нәтижелері осы Заңның 35-бабының 6-тармағына сәйкес ресімделеді.

6. Сот сараптамасының әртүрлі органдарына тапсырылған кешенді сот

сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру ерекшеліктерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

36-бап. Қосымша және қайталама сот сараптамасы

1. Қосымша сот сараптамасы сот сарапшысының қорытындысы жеткілікті түрде анық немесе толық болмаған, сондай-ақ алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттігі туындаған кезде тағайындалады.

Қосымша сот сараптамасын жүргізу сол немесе өзге сот сарапшысына тапсырылуы мүмкін.

Қосымша сот сараптамасын жүргізуді тапсыру кезінде сот сарапшысына алдыңғы сот сараптамасының қорытындысы табыс етілуге тиіс.

2. Сот сарапшысының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізделмеген немесе оның қорытындылары күмән туғызған не сот сараптамасын тағайындау және жүргізу кезінде процестік нормалар елеулі түрде бұзылған жағдайларда, сол объектілерді зерттеу және сол мәселелерді шешу үшін қайталама сот сараптамасы тағайындалады.

Қайталама сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда алдыңғы сот сараптамасының нәтижелерімен келіспеудің негізделген дәлелдері келтірілуге тиіс.

Қайталама сот сараптамасын жүргізу сот сарапшыларының комиссиясына тапсырылады. Алдыңғы сот сараптамасын жүргізген сот сарапшылары қайталама сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуы және комиссияға түсіндірмелер беруі мүмкін, алайда олар сараптамалық зерттеуге және қорытынды жасауға қатыспайды.

Қайталама сот сараптамасын жүргізуді тапсыру кезінде сот сарапшысына алдыңғы сот сараптамаларының қорытындылары ұсынылуға тиіс.

3. Қайталама сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, зерттеулер нәтижелері осы Заңның 34-бабының 6-тармағына сәйкес ресімделеді.

4. Егер реті бойынша екінші немесе одан кейінгі сараптама бірі қосымша сараптамаға, ал басқалары – қайталама сараптамаға жататын бірнеше негіздер бойынша тағайындалса, мұндай сараптама қайталама сараптама жүргізу қағидалары бойынша жүргізіледі.

37-бап. Сарапшының қорытындысы

1. Сот сарапшысы (сарапшылар) зерттеулердің нәтижелері бойынша өз атынан жазбаша сарапшы қорытындысын жасайды және оны өз қолтаңбасымен және жеке мөрімен куәландырады. Сот сараптамасын сот сараптамасы органында жүргізген жағдайда, сот сарапшысының (сарапшылардың) қолтаңбасы көрсетілген органның мөрімен куәландырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен куәландырылған сарапшының қорытындысын көрнекілейтін материалдар (фотокестелер, схемалар, графиктер, кестелер және басқа да материалдар) қорытындыға қоса беріледі және оның құрамдас

бөлігі болып табылады. Қорытындыға зерттеуден кейін қалған объектілер, оның ішінде үлгілер қоса берілуге тиіс.

38-бап. Сарапшы қорытындысының мазмұны

1. Сарапшының қорытындысында: оның ресімделген күні, сот сараптамасын жүргізудің мерзімдері мен орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздері; сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) туралы мәліметтер; зерттеу объектілері; сот сарапшысының (сарапшылардың) шешуіне қойылған мәселелер; сот сараптамасын жүргізу тапсырылған сот сараптамасы мекемесі және (немесе) сот сарапшысы (сот сарапшылары) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілгені туралы сот сарапшысының (сарапшылардың) қойылған қолымен куәландырылған белгі; сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысқан процеске қатысушылар туралы және олар берген түсініктемелер туралы мәліметтер; пайдаланылған әдістемелер және (немесе) әдістер көрсетілген зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау , сот сарапшысының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелер бойынша қорытындылардың негіздемесі және тұжырымы көрсетілуге тиі

2. Егер осы Заңның 39-бабында көрсетілген мән-жайлар сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған болса, қорытындыда сот сарапшысының (сарапшылардың) алдына қойылған барлық сұрақтарға немесе олардың кейбіреуіне жауап қайтару мүмкін еместігінің негіздемесі қамтылуға тиіс.

39-бап. Сарапшы қорытындысын беру мүмкін еместігі туралы хабарлама

1. Егер сот сарапшысы (сарапшылар) зерттеу жүргізілгенге дейін оның алдына қойылған мәселелер оның арнайы білімінің шегінен шығатыны немесе оған табыс етілген материалдар қорытынды беру үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз екеніне және орнын толықтыру мүмкін еместігіне не ғылымның және сараптама тәжірибесінің жағдайы қойылған мәселелерге жауап қайтаруға мүмкіндік бермейтініне көз жеткізетін болса, ол қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді хабарлама жасайды және оны қолтаңбасымен және жеке мөрімен куәландырады. Сот сараптамасы сот-сараптамалық мекемеде жүргізілген жағдайда сот сарапшысының (сарапшылардың) қолы көрсетілген мекеменің мөрімен куәландырылады.

2. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламада: оның ресімделген күні, сот сараптамасын жүргізудің мерзімдері және орны; сот сараптамасын жүргізудің негізі ; сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) туралы мәліметтер; зерттеу объектілері; сот сарапшысының (сарапшылардың) шешуіне қойылған мәселелер; сот сараптамасын жүргізу тапсырылған сот-сараптамалық мекеме және (немесе) сот сарапшысы (сарапшылар) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі,

сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілгенін сот сарапшысының (сарапшылардың) қолтаңбасымен куәландырылған белгі; сот сарапшысының (сарапшылардың) шешуіне қойылған мәселелер; сот сарапшысының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелерге жауап қайтарудың мүмкін еместігінің негіздемесі көрсетілуге тиіс.

3. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаның құрылымы мен мазмұнын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Егер сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген бір мәселелер бойынша сот сарапшысы қорытынды берсе, ал басқалары бойынша қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама жасау үшін негіздер бар болса, ол бірыңғай құжатты – сот сарапшысының қорытындысын жасайды.

7-тарау. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу ерекшелектері

40-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу орны

1. Тірі адамдарға сот сараптамасы медициналық ұйымда немесе сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу және осы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар бар басқа орында жүргізілуі мүмкін.

2. Сот сараптамасын жүргізу кезінде адамды стационарлық тексеру қажеттігі туындаған жағдайда, ол осы Заңның 42-бабында көзделген тәртіппен медициналық ұйымға орналастырылуы мүмкін.

3. Сот сараптамасы тағайындалған адамдарды сот сараптамасы жүргізілетін орынға және сот-сараптамалық зерттеулер жүргізілгеннен кейін тасымалдауды сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) қамтамасыз етеді.

41-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезіндегі еріктілік және мәжбүрлеу

1. Тірі адамдарға сот сараптамасы ерікті немесе мәжбүрлеу түрінде жүргізілуі мүмкін.

2. Егер сот сараптамасы ерікті түрде жүргізілсе, сот-сараптамалық мекемеге адамның сот-сараптамалық зерттеулерге алынуға жазбаша келісімі табыс етілуге тиіс.

3. Егер сот сараптамасы тағайындалған адам кәмелетке толмаған болса немесе оны сот әрекетке қабілетсіз деп таныса, оның заңды өкілі немесе қорғаншылық және қамқоршылық органы осы адамға қатысты сот сараптамасын жүргізуге жазбаша келісім береді.

4. Тірі адамдарға мәжбүрлеу тәртібімен сот сараптамасын жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

42-бап. Адамды сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастырудың негіздері мен тәртібі

1. Егер адамға қатысты сот сараптамасын жүргізу сот-сараптамалық зерттеулерді стационар жағдайында жүргізуді көздейтін болса, онда ол сот сараптамасын тағайындау туралы қаулының, ұйғарымның негізінде тиісті медициналық ұйымға орналастырылады.

2. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық, сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға тек сот шешімі бойынша ғана жол беріледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамның орналасқан жері туралы оның отбасысының кәмелетке толған мүшелерінің бірін, басқа да туыстарын немесе жақын адамдарын, ал олар болмаған кезде аталған адамның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органын жиырма төрт сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

43-бап. Сот сараптамасын жүргізу кезінде адамның медициналық ұйымда болу мерзімдері

1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айрықша жағдайлардан басқа кезде адам сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымда отыз тәулікке дейінгі мерзімге орналастырылуы мүмкін.

2. Сот сараптамасына ерікті түрде тартылған адам үшін көрсетілген мерзімді ұзартуды оның келісімімен сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы мекемесі басшысының не сот сараптамасы мекемесінің қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) дәлелді өтінішхаты бойынша жүзеге асырады.

3. Сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамдардың онда болу мерзімін ұзарту Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамның онда болу мерзімінің, сондай-ақ осы мерзімді ұзарту тәртібінің бұзылуына аталған адам, оның қорғаушысы, заңды өкілі немесе іске қатысуға жіберілген өзге де өкілдер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

44-бап. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі

1. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде:

1) іс бойынша мәліметтер алу мақсатында оларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыруға немесе оларға қысым жасауға (оның ішінде алдау,

зорлық-зомбылық жасау, қатер төндіру, қорқыту және өзге де заңсыз шаралар арқылы);

2) аталған адамдарды медициналық технологияларды, фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеулердің субъектілері ретінде пайдалануға;

3) хирургиялық араласуды көздейтін зерттеулердің әдістерін қолдануға тыйым салынады.

2. Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы жүргізілетін адамға, баламалы әдістерді қоса алғанда, қолданылатын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері туралы, болуы мүмкін ауыруды сезіну мен жанама әсерлер туралы оған түсінікті түрде хабардар етуге тиіс. Аталған ақпарат сот сараптамасы жүргізілетін адамның тиісті өтінішхатты мәлімдеген заңды өкіліне де беріледі.

3. Сот сараптамасы жүргізілетін адамға медициналық көмек заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана көрсетілуі мүмкін.

4. Медициналық ұйымға орналастырылған адамға шағымдар және өтінішхаттар беруге мүмкіндік беріледі. Заңда көзделген тәртіппен берілген шағымдар және өтінішхаттар жиырма төрт сағат ішінде жолданым иесіне жіберіледі және цензураға жатпайды.

5. Адамға қатысты ерікті түрде жүргізілетін сот сараптамасы аталған адамның бастамасы бойынша оның кез келген сатысында тоқтатылуы мүмкін.

45-бап. Күзетпен ұсталмаған адамдарға қатысты сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізу шарттары

1. Күзетпен ұсталмаған адамдарға қатысты сот-психиатриялық сараптама психиатриялық стационарларда жүргізіледі.

2. Күзетпен ұсталмаған адамдарға психиатриялық стационарларда сот-психиатриялық сараптама жүргізу кезеңінде оларға Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының күші қолданылады.

3. Аталған адамдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасында белгіленген психиатриялық стационарлар пациенттерінің құқықтарын пайдаланады.

46-бап. Күзетпен ұсталып отырған адамдарға қатысты сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізу шарттары

1. Күзетпен ұсталып отырған адамдарға қатысты сот-психиатриялық сараптама аталған адамдарды орналастыру үшін арнайы тағайындалған психиатриялық стационарларда жүргізіледі.

2. Күзетпен ұсталып отырған адамдарға сот-психиатриялық сараптаманы психиатриялық стационарларда жүргізу кезеңінде оларға Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының күші қолданылады.

3. Аталған адамдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы

заңнамасында белгіленген олар үшін көзделген ерекшеліктерімен психиатриялық стационарлар пациенттерінің құқықтарын пайдаланады.

47-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың сол жерде болуы

1. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, процеске қатысушылардың тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде сол жерде болуы Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ осы Заңның 31-бабында айқындалады.

2. Сот-психиатриялық сараптама жүргізу құпия жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Адамды жалаңаштау арқылы сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде тек қана сол жыныстағы адамдар қатыса алады. Осы шектеу аталған зерттеулерді жүргізуге қатысатын дәрігерлерге және басқа да медицина қызметкерлеріне қолданылмайды.

8-тарау. Сот сараптамасы қызметін қамтамасыз ету

48-бап. Сот сараптамасы қызметін қаржыландыру

1. Сот сараптамасы органдарының сот сараптамасы қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Сот сараптамасын жүргізумен байланысты шығындарды өтеу мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

49-бап. Сот сараптамасын жүргізуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету стандарттары мен талаптары

Сот сарапшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген стандарттар мен талаптарға сәйкес арнайы жарақтандырылған үй-жайларда жүзеге асырады.

50-бап. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

1. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, сондай-ақ сот сарапшыларын кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына немесе Қазақстан Республикасының сот сарапшылары палатасының қатысуымен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жүктеледі.

2. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамалау, енгізу және валидациялау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

51-бап. Қазақстан Республикасының сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімі

1. Қазақстан Республикасының сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің

мемлекеттік тізілімін қалыптастырудың мақсаты қылмыстық процесті жүргізуші органдарды, соттарды, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жатқан органдарды (лауазымды адамдарды), процеске өзге де қатысушыларды, сондай-ақ сот сарапшыларын әдістемелер туралы мәліметтермен қамтамасыз ету үшін сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін жүйелеу және есепке алу болып табылады.

2. Осы Заңның талаптарына сай келетін сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелері туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, оны қалыптастыру және пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

3. Қазақстан Республикасының сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

52-бап. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістері мен әдістемелерінің валидациясы

1. Сот-сараптамалық зерттеулерінің әдістемелері мен әдістері сот-сараптама қызметіндегі әдістер мен әдістемелердің жарамдылығына (валидациясына) бағалау жүргізу жөніндегі регламентке сәйкес валидациядан өтуі тиіс.

2. Стандартты емес және жаңадан әзірленген немесе жетілдірілген әдістер в а л и д а ц и я ғ а ж а т а д ы .

3. Сот-сараптама қызметіндегі әдістер мен әдістемелердің жарамдылығына (валидациясына) бағалау жүргізу жөніндегі регламент әдістер мен әдістемелердің әрбір түрі үшін валидациялық зерттеулердің жалпы көлемін, валидацияны жалпы ұйымдастыруды, рәсімдерін, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуді және валидация туралы есепке жалпы талаптарды, сандық, сапалық, сәйкестендіру және диагностикалық сот-сараптамасы әдістемелерінің валидациясы туралы тұжырымды оң немесе теріс деп тану өлшемшарттарын айқындайды.

4. Валидация мынадай әдістердің бірін: бақылау, стандарттық үлгілерді пайдалануды; басқа әдістемелердің көмегімен алынған нәтижелермен салыстыруды; зертханааралық салғастыруды (зертханааралық кәсіби тестілеу); нәтижеге әсер ететін факторларды жүйелі түрде бағалап отыруды қолдану арқылы жүргізіледі.

53-бап. Сот сараптамасы органдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

1. Сот сараптамасы органының басшысы іс жүргізу аяқталған соң іс бойынша заттай айғақтар және үлгілер болып табылатын нәрселерді тәжірибелік, ғылыми және оқу-әдістемелік қызметте пайдалану үшін алу туралы қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан орган (лауазымды адам) алдында өтініш білдіруге құқылы.

54-бап. Сот-сараптама қызметін кадрлық қамтамасыз ету

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылмайтын,

сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия алуға үміткер тұлғалар сот-сараптамалық, оқыту және өзге де ұйымдарда тиісті сараптама мамандығы бойынша арнайы кәсіби даярлықтан өтеді.

2. Сот сараптамасы органдарын білікті мамандармен қамтамасыз ету сот сараптамасы органының кадр резервіне алынған адамдар қатарынан жүзеге асырылуы м ү м к і н .

3. Тиісті кәсіби деңгейді қамтамасыз ету үшін сот сараптамасы органдарының сот сарапшылары және сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын жеке тұлғалар бес жылда бір рет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен біліктілігін арттырудан өтуі тиіс.

9-тарау. Сот сараптамасы органдарының сот сарапшыларын әлеуметтік, материалдық қамтамасыз ету

55-бап. Сот сараптамасы органдарының сот сарапшыларына еңбекақы төлеу және өзге де қамсыздандыру

1. Сот сараптамасы органдарының сот сарапшыларына еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

2. Сот сараптамасы органдарының сот сарапшыларына ұзақтығы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

3. Ауыр (аса ауыр) дене еңбегі жұмыстарына, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) жұмыстарда істейтін сот сараптама органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімдік медициналық қарап-тексеруден және зерттеп-қараудан өтеді.

10-тарау. Сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық

56-бап. Сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Сот-сараптамасының органдары бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, ғылыми және әдістемелік ақпарат алмасу, сот сарапшыларына арнайы кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды өткізу мақсатында шет мемлекеттердің сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын органдарымен және қызметтерімен заңға сәйкес халықаралық байланыстарды орнатуға құқылы.

57-бап. Шет мемлекеттің құзырлы органының тапсыруы бойынша сот сараптамасын жүргізу

Сот сараптамасы Қазақстан Республикасының халықаралық шарты бар шет мемлекеттің құзырлы органының тапсыруы бойынша жүргізілуі мүмкін. Мұндай

жағдайларда, егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

Сот сараптамасының құнын төлеу сот сараптамасына тапсырысшы мен орындаушы арасындағы уағдаластық бойынша жүзеге асырылады.

58-бап. Сот сараптамасын шет мемлекеттің сот сарапшыларын тарта отырып жүргізу

Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің бастамасымен не сот сараптамасы органы басшысының өтініш білдіруі бойынша сот сарапшысы ретінде шет мемлекеттің сот сараптамасы саласындағы маманын тартуға құқылы.

Шет мемлекеттердің сот сарапшыларының қатысуымен сот сараптамасын жүргізу сот сараптамасын орындаушы елдің процестік заңнамасында, сондай-ақ осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сот сараптамасына қатысқаны үшін шетел мамандарына ақы төлеу және оны жүргізумен байланысты басқа да шығындарды өтеу тараптардың уағдаластығы бойынша жүзеге асырылады.

59-бап. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

11-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

60-бап. Өтпелі ережелер

1. 2016 жылғы 1 шілдеден бастап:

1) осы Заңның 12-бабы өз қолданысын тоқтатады;

2) осы Заңның 13-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда қолданылатын болады
д е п б е л г і л е н с і н :

«1. Сот сараптамасы органдарына, құзыретіне сот сараптамасын, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиалық және сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу кіретін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары жатады.».

61-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң оны алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 1-2, 3 б; 2013 ж., № 13, 64 б; 2014 ж., № 10, 52 б; № 14, 84 б).

